



АСТАНА АКШАМЫ

АЛАШШЫЛ АЗАМАТ

Тіршілікте бір-бірімен байланысып жатқан оқигалар легі кездесетінімен қатар, бірің айтсан, басқалары санада жаңғыратын тұлғалар да болады. Мәселен, ұлы Абай дегенде, ми қатпарларымыздың бір бұрышында заңғар жазушы Мұхтар Әуезов тұрады. Ал Мұхтардың есімі айтылғанда, оның азамат ретінде қалыптасуына сүбелі үлес қосқан «Алаш» қозғалысының қайраткерлерін еске алтынымыз бар.

Астанада тұратын ардагер ұстаз, саналы ғұмырының үлкен бөлігін үрпақ тәрбиесі мен біліміне арнаған Тілеубек Ысқақовты көрген кезде, ұлы Абай да, XX ғасыр басындағы Алаштың арда ұлдары да жадымызға оралады. Ағамен біздің танысып, табысуымызға да хакім Абай тұлғасы себепші болған еді.

Осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын данышпанымыз дамыл тапқан Жидебай жеріне жолымыз тұсті. Сапарға бірге шыққан отыз шақты адамның арасында иықты келген, бойы ортадан сәл жоғары аксақалға бірден назар аудардық. Таныса келе, оның Астананың іргесіндегі Қорғалжынның қазағы екенін, көп жыл мектепте сабак берген ұстаз екендігін білдік.

Бір автобусқа жайғасқан жастар жағының Жидебайға жеткенше өз қызығы өзінде болды. Діттеген жерге келгенде, қарсы алушылардың алдында жол бастаушылар мен үлкен кісілер сөз сөйледі. Бұл сапардағы ең үлкеніміз де Тілеубек аға болатын. Осы кісіге сөз берілгенде, аға ағынан ақтарылды. «Мен қырық жыл бойы мектепте бала оқыттым. Жұмысымды адал атқаруға тырыстым. Алла соны көрген шығар, міне, көп адам армандастын ақындардың Меккесі – Жидебайға жолым тұсті. Ұлы Абай жатқан топырақты басқаныма өзімді шексіз бақытты сезініп тұрмын» деді Тілеубек аға. Осы сезіне ішіміз жылып қалды. Қайтар жолда ағаның қасына отырып, Семей қаласында өзіміз орналасқан қонақ үйге жеткенше жол қысқартып, әңгімелесіп бардық.

Ағаның көкірегі алтын сандық болып шықты. Семейге дейін шығармашылық, ақын-жазушылар, қаламгерлердің бойында болуы керек қайраткерлік қасиет жөнінде әңгімелесіп бардық. Біз танитын қарағандылық қаламгер Төрехан Майбас курстасы екен. Екеуі педагогикалық институтта бірге оқыпты. Осы жайт та әсер еткен болуы керек, ағамыз бізді бауырына жақын тартты. Әбіш Кекілбайұлы, Фариза Онғарсынова, Оралхан Бекей сынды әдебиетімізден ойып тұрып орын алған тұлғалар туралы мәнді сөз өрбітті. Әсіреке, «Алаш» қозғалысының қайраткерлері жөнінде біраз әнгіме қозғады.

Ағаның алаштықтарды ауызға алуы бекерден-бекер емес, осы тақырыппен кәдімгідей «ауырады» екен. Бұқаралық ақпарат құралдарында осы тақырыпта мақалалары да жарық көрген. Атап айтатын болсақ, өзіміздің «Астана

ақшамы» газетінде «Қырандай желге қарсы қантарда ұшқан» және «Егемен Қазақстанда» сыршыл ақын Мағжан Жұмабаевтың өлең жолынан туындаған «Бір теңі жоқ – Болғанбай» тақырыбымен Алаш қайраткерлерінің бірі Хайретдин Болғанбай туралы толғаныстары шыққан.

Тілеубек Ысқақов қазір Алаш ардақтылары туралы мақала жазып қана қоймай, оларды таныту жағынан нақты іспен де айналысып отыр. Зейнеткерлікке шықса да, үйде отырмай, елордадағы №68 орта мектепте ашылған «Алаш жолы» тәжірибелік алаңына жетекшілік етуде. Мектеп директоры, үлтжанды азамат Шәріпхан Қажытайұлы осы істе оған барынша қолдау көрсетуде. Былтыр осы орта білім беру орынында Тәуелсіздік күні мен Қазақ хандығының 550 жылдығы және Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының 130 жылдығына арналған кеш өткенде, алаң жұмысымен бізді Тілеубек аға таныстырган. Сонда жинаған материалдарды көрсетіп, мектептегі алаштану бағытындағы жұмыстар жайлы айтқан. 2017 жылы «Алаш» қозғалысының құрылғанына 100 жыл толғанда, бұйыртса, осы оқу орнында бұл бағыттағы сүйіншілейтіндегі жаңалықтар болмақ. Сол кезде бұл тақырыпқа қайтадан орала жатармыз.

Ұлттымыздың бүгіні мен ертеңгі болашағына өзінің қазіргі ісімен қызмет етіп отырған Қазақстан Республикасы халыққа білім беру ісінің озық қызметкери, ардагер ұстаз, Алашшыл азамат Тілеубек Ысқақовқа сол күнге аман жетуін тілейміз.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ